

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 14 мамырдағы № 337 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 қазандағы № 846 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2025 № 846 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 24 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ережеде:

13-тармақ мынадай мазмұндағы 24) және 25) тармақшалармен толықтырылсын:

"24) өз құзыреті шегінде пошта саласында стратегиялық, реттеушілік функцияларды іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыру;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін пошта байланысы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;"

15-тармақта:

мынадай мазмұндағы 100-1) тармақшамен толықтырылсын:

"100-1) байланыс операторларының мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасына кірмейтін және мемлекеттік органдарға байланыс қызметтерін көрсету кезінде радиоэлектрондық құралдарды пайдаланып, ақпарат беруді

жүзеге асыратын байланыс желілері мен арналарында ақпаратты қорғау құралдарын қолдануды өтеусіз негізде қамтамасыз ету тәртібін айқындау;"

мынадай мазмұндағы 118-1) және 118-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"118-1) пошта жөнелтілімдерін ішкі су көлігімен тасымалдау тәртібін айқындау;

118-2) пошта жөнелтілімдерін (пошта карточкасынан басқа) растаушы құжаттарды ұсыну арқылы беру кезінде жөнелтушінің олардың құнын жариялау тәртібін айқындау;"

мынадай мазмұндағы 199-1) тармақшамен толықтырылсын:

"199-1) "Әлеуметтік әмиян" ақпараттандыру объектісі арқылы жүзеге асырылатын жеке тұлғаларды мемлекеттік қолдау шарасы туралы хабарлау (хабардар ету), осындай шараны есепке алу және (немесе) алу және жеке тұлғаларды мемлекеттік қолдау шарасын өзге де ақпараттандыру объектілері арқылы алу тәртібін айқындау;"

мынадай мазмұндағы 226-1) тармақшамен толықтырылсын:

"226-1) білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, арнаулы, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін компьютерлік және интерактивті жабдыққа қойылатын ең төмен талаптарды әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 262-3) тармақшамен толықтырылсын:

"262-3) меншік иелерінің келісімі болған кезде Түркістан қаласының аумағындағы азаматтар көп жиналатын орындарда бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу қағидаларын келісу;"

332) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"332) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының, Мемлекеттік күзет қызметінің (президенттік байланыстың мұқтаждығын қоспағанда), әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының, сондай-ақ "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторының мұқтаждығы үшін байланыс жолдары мен арналарын, кабельдік кәріздегі арналарды және техникалық құралдарды орналастыру үшін қажетті алаңдарды беру бағаларын (тарифтерін) реттеу;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

